

Психологиялық-
педагогикалық қолдау көрсету
қызметіндегі педагог-
ассистенттің жұмысы

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуші мамандардың бірі - педагог-ассистент маманы болып табылады.

Педагог-ассистент оқу процесіне өздігімен қатыса алмайтын мінез-құлық, эмоционалдық және коммуникативтік бұзылымдары бар (АСБ және т.б.) оқушыларға көмек көрсетеді.

Қолдау көрсетуді талап ететін мінез-құлық және эмоциялық проблемаларға мыналар жатады:

- баланың сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін орындауға қабілетсіздігі: партада отыра алмайтын, тұрып, сынып ішінде жүретін; мұғалімнің ескертулерін, талаптарын орындай алмайтын (елемейді);
- мұғалімнің талаптары мен нұсқаулықтарын қиын түсініп және қабылдайтын; белгілі бір іс-әрекетті орындау үшін мұғалімнің үнемі жекелік көмегін және қолдауын қажет ететін балалар;
- сабақта өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылау қиындықтары: баланың өзі сынып жұмысына қосылмайды және сынып тапсырмаларын ересек адамның көмегінсіз орындамайды;
- мінез-құлық және эмоциялық ерекшеліктері: дауыстап сөйлейді, себепсіз күлкі, айқайлап, жылап, басқа балаларға және сынып жұмысына кедергі келтіреді, кей кезде агрессия көрсетеді.

Педагог-ассистенттің негізгі функциясы:

оқушыға оқу процесіне енуге көмектеседі, ұйымдастырады, бағыттайды, жағымсыз мінез-құлықты, эмоциялық және мінез-құлқындағы теріс әрекеттерінің алдын алады. Ол баланың мінез-құлқын бақылай отырып, өз бетінше оқу дағдыларын меңгеруге үйретеді, әрі қарай баланың өзі жасайтын жұмыстарын дербес орындауға қолдау көрсетеді.

Осы аталған проблемалар 3а класс оқушысы Байғабыл Рахаттың бойында болғандықтан, 2022-2023 оқу жылының басынан бастап мен ПМПК қортындысы бойынша 3а класс оқушысы Байғабыл Рахатқа педагог-ассистент болып тағайындалдым.

Оқу жылының басында мұғалімі екеуміз оның анасынан сауалнама алып және оқушы туралы коммуникативтік паспортты толтырттық, оған диагностикалық 2а, 2б бақылау хаттамаларын толтырдық. Барлық мамандардың тиісті құжаттары толтырылғаннан кейін түзету-дамыту бағдарламасы құрылды.

Жетістіктері:

- *Рахат мектепшілік конкурстар мен шараларға қатысып тұрады. Жаңа жыл мейрамында шырша мерекесіне қатысып, өлең оқып, Аяз атадан сыйлық алды.*
 - *Қалалық «Күз - алтын мезгілі сырттай сурет байқауынан шебер қаламдар номинациясынан үздік нәтиже көрсеткені үшін диплом алды.*
 - *Қалалық «Менің ішкі әлемім» атты сырттай фотобайқаудан «Менің жұмбақ әлемім» атты номинациясынан жоғарғы нәтиже көрсеткені үшін диплом иегері атанды.*
-



Жекелік қолдаудың негізгі және соңғы мақсаты –

баланың сыныптағы және мектептегі толықтай дербестігі болып табылады. Оқушыға жеке қолдау көрсетуде ассистенттің қатысуын бірте-бірте азайту болып табылады.

*Рахатпен жасалған жұмыстардан
көрініс*





